Абайдың қара сөзіндегі
„Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста"

Тәрбиесіз білім алысқа шаппайды. Абайдың қара сөзіндегі қайрат, ақыл және жүрек үшеуі өз артықшылығын айта жарысып, ақыра төрешісін біліммен сұрағанда „Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым, Құдайлығың сонда, қалыңды таза сақта, Құдай Тағала қалыңа әрдайым қарайды" деседі. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнер-лерін айтысып, таласып кеиіп, ғылымға жүгініпті" деп басталатын он жетінші қара сөз ағалығын өлеңге түсінік есепті. Бұл екі шығарма мезгілдес – 1894 жылдағы деген сөз. Оған „толық адам" тақырыбын алған қозғалған „Әсемпаз болма әрнеге" өлеңі де осы жылдағы екенін қосыңыз. Сонтіп үш шығарма мезгілдес екендігі соқырға таяқ ұстатқандай анық.

„Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі, көкірегі байлаулы берік болмақ керек. Екінші, сол, нәрсені естігенде, я көргенде ғибраттану керек, көңілденіп, түрлі ынтамен ұғыну керек. Үшінші сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек. Төртінші, ой кесенді нәрселерден қашық болу керек. Егер ой кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер. Абайдың бұл нұсқамаларының кім үшін болса да, тәрбиелік мәні зор. Әйтсе де білімге ұмтылушы жастар үшін айрықша құнды. Өйткені ғылым да өнер де жастар үшін. Адамның қолын бақытқа жеткізетін білім-білімді игеру де жастардың ғана қолынан келетін іс. Қартайған адам қанша ұмтылса да, өндірері аз болмақ. Сондықтан білімге ұмтылған жастар үшін ақынның бұл айтқандарын берік есте сақтауы қажет.
Абайдың қара сөздері - өмір тәжірибесінен туған ой толғамының қорытындысы. Ақын қара сөздерінде халықты өнер білімге, оқу білікке



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

үндеу, адамгершілік және ұлт бойын-дағы қымбатты мінез құлық дағдыларды сақтау мәселелері көтеріледі.

Қорыта айтқанда, Абайдың он жетінші қарасөзі адамгершілікке, адамдыққа, ізгілікке, ғылым білімді игеруге шақырады. Ақыл арқылы ғылым-ды ұғып, Қайраттың көмегімен адасқанды түзу жолға сала алсақ, жүрек арқылы өзіміздің қалпымызды сақтай алсақ еліміздің еңселігі мызғымас болады. Ақыл, Қайрат, жүректі бірдей ұстасақ, елден ерек, елін сүйген, елі сүйген азамат боларымыз айдан анық!



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ